

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2122 заң күші бар жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 1-бабына сәйкес ұйымдасқан қылмыс нысандарына қарсы күресті күшейту, құқық тәртібін нығайту, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қылмысты қол сұғудан қорғау мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

I. Қазақ ССР Жоғары Советі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ ССР Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексінде:

1. Кодекс мынадай мазмұндағы 31-3 баппен толықтырылсын:

"31-3-бап. Алкоголизмге, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан, әкімшілік құқықты бұзған ауруларға медициналық сипаттағы еріксіз шараларды қолдану

Құнықпа алкоголизммен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауырады деп танылған және ерікті түрде емделуден жалтаратын адам басқа азаматтардың құқығын немесе қоғамдық тәртіпті бұзатын әкімшілік іс-әрекет жасаған жағдайда сот әкімшілік жазамен қатар оған денсаулық сақтау органдарының мамандандырылған мекемесінде еріксіз емделуді тағайындай алады.

Емделіп жүрген адам жатқан емдеу мекемесі еріксіз емделуді тоқтатады".

2. 167-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"167-бап. Шетел валютасымен және төлем құжаттарымен заңсыз операциялар

Қазақстан Республикасының валюталық реттеу туралы заңдарымен тыйым салынған шет ел валютасымен, сондай-ақ шет ел валютасымен бағаланатын құнды қағаздармен немесе төлем құжаттарымен операциялар жасау, заңсыз операция затының құны ең төменгі бір мың жалақының мөлшерінен аспайтын болса, -

валюта мен төлем құжаттары тәртіленіп, ең төменгі жалақының он мәрте мөлшеріне дейінгі сомада айыппұл салуға әкеп соғады.

3. 188-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

188-2-бап. Заңда белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық

бірлестіктердің қызметіне қатысу

Занда белгіленген тәртіппен қызметі кідірілген не болмаса тоқтатылған немесе заңда белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық бірлестіктерге қатысу, -

ең төменгі жалақының бестен он мәрте мөлшеріне дейінгі сомада айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеліп соғады".

4. Кодекс мынадай мазмұндағы 188-6, 188-7, 188-8-баптармен толықтырылсын:

188-6-бап. Ұлт араздығын қоздыруға бағытталған материалдарды

баспасөзде және басқа бұқаралық хабарлама

құралдарында жариялауға рұқсат беру

Нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни араздықты қоздыру бағытталған, сословиелік астамшылықты, соғысты, порнографияны, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынушылықты насихаттайтын, конституциялық құрылысты күш қолданып құлатуға және Республиканың аумақтық тұтастығын бұзуға шақыратын мәліметтер мен материалдарды баспасөзде және басқа бұқаралық хабарлама құралдарында жариялауға рұқсат беру, -

бұқаралық хабарлама құралдарының лауазымды адамдарына ең төменгі жалақының оннан жиырма мәрте мөлшеріне дейінгі сомада айыппұл салуға әкеліп соғады.

188-7-бап. Республикаға ұлт араздығын қоздыру

мақсатымен баспасөз өнімін әкелу

Нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік, діни араздықты қоздыруға бағытталған, соғысты, сословиелік астамшылықты, порнографияны, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынушылықты насихаттайтын, конституциялық құрылысты күш қолданып құлатуға шақыратын мәліметтері мен материалдары бар баспа және басқа өнімді республикаға әкелу, -

баспа және басқа өнім тәргіленіп, ең төменгі жалақының бестен он мәрте мөлшеріне дейінгі сомада айыппұл салуға әкеліп соғады.

188-8-бап. Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама

құралдары туралы заңдарды бұзушылық

Баспаның немесе бұқаралық хабарлама құралының тіркелмей немесе оларды тіркеуді жою туралы шешім шығарылғаннан кейін баспаның немесе бұқаралық хабарлама құралының бұқаралық ақпарат өнімін дайындауы мен таратуы, сондай-ақ басылымдарды шығымдық мәліметтерінсіз немесе бақылау және міндетті даналарын табыс етпей шығаруы немесе сонымен қатар басқа баспалардың немесе бұқаралық хабарлама құралдарының ақпаратты жариялауға деген айрықша құқығын бұзуы, -

баспа және басқа өнімі тәргіленіп, ең төменгі жалақының он бестен жиырма мәрте мөлшеріне дейінгі сомада айыппұл салуға әкеліп соғады.

Жыл бойында қайталанып жасалған нақ сондай іс-әрекеттер, -

баспа және басқа өнімі, ақпарат дайындау мен таратуға пайдаланылған техникалық құралдары тәртіленіп, ең төменгі жалақының жиырмадан жиырма бес мәрте мөлшеріне дейінгі сомада айыппұл салуға әкеліп соғады.

5. 216-бап "164-2" санынан кейін "167" санымен толықтырылсын.

6. 217-баптың бірінші бөлігіндегі "167" саны алынып тасталсын.

7. 248-1-бапта:

бірінші бөліктің 1-тармағы "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі жанындағы Теңіз және Өзен Регистрі органдары (121-бап)" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі органдары (188-6 - 188-8-баптар);

"кеден органдары (188-7-бап)";

бірінші бөліктің 1-тармағының жиырма сегізінші абзацы "185-4" санынан кейін "188-6 - 188-8" сандарымен толықтырылсын.

8. 308-баптың екінші абзацы "182" санынан кейін "188-8-баптың екінші бөлігімен" деген сөздермен толықтырылсын".

II. 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ ССР Заңымен бекітілген Қазақ ССР Қылмыстық кодексінде:

1. 7-1-баптың екінші бөлігі "еңбекпен түзеу мекемелерінің жұмысына іріткі салатын әрекеттер (63-1-бап)" деген сөздерден кейін "қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық ұйымдастыру немесе оларға басшылық ету, қылмыстық қауымдастыққа қатысу (63-2-бап)" сөздерімен толықтырылсын.

2. 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Қылмысқа қатысу

Екі немесе одан да көп адамдардың қасақана бірлесіп, қасақана қылмыс істеуге қатысуы - қылмысқа қатысу деп танылады.

Қылмысты орындаушылар, ұйымдастырушылар, қылмысқа азғырушылар және көмектесушілер қылмысқа қатысушылар болып табылады.

Қылмысты тікелей істеген немесе оның істелуіне басқа адамдармен бірге тікелей қатысқан, сондай-ақ заң бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылмайтын немесе абайсыз әрекет жасалған басқа адамдарды пайдалану арқылы қылмыс істеген адам - қылмысты орындаушы деп танылады.

Қылмыстың істелуін ұйымдастырған немесе істелуіне басшылық еткен адам - қылмысты ұйымдастырушы деп танылады.

Қылмысты істеуге біреуді көндірген адам - қылмысқа азғырушы деп танылады.

Қылмысты істеуге кеңестерімен, нұсқауларымен, құрал беріп немесе кедергілерді жойып көмектескен адам немесе қылмыстың, қылмыс істеуге пайдаланылатын

құралдар мен қару-аспаптарды, қылмыстың ізін немесе қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген, сондай-ақ осындай заттарды сатып алуға немесе сатуға күні бұрын уәде берген адам - қылмысқа көмектесуші деп танылады.

Қылмысты ұйымдастырушының, қылмысқа азғырушы мен қылмысқа көмектесушінің жауаптылығы осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмысты орындаушы жауапқа тартылатын бабы бойынша туындайды.

Қылмысты орындаушы істеген және қылмысқа қатысушылардың пиғылымен қамтылмаған әрекеттер үшін басқа қатысушылар қылмысқа жауапты болмайды".

3. Кодекс мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Бір топ адамның немесе қылмысты

қауымдастықтың қылмыс істеуі

Қылмысты бірлесіп істеу туралы алдын-ала келіскен адамдардың істеген қылмысы - бір топ адамның алдын-ала уәделесуі бойынша істелген қылмыс деп танылады.

Тұрақты қылмыстық топқа алдын-ала біріккен адамдардың істеген қылмысы адамдардың ұйымдасқан тобы істеген қылмыс деп танылады.

Қылмыстық әрекеттермен айналысу үшін құрылған тұрақты құрылымдық бірлестіктерге кіретін адамдардың істеген қылмысы - қылмыстық қауымдастық істеген қылмыс деп танылады".

4. 23-бапта:

Төртінші бөліктің алтыншы абзацы "қылмыстар үшін (50-59-баптар)" деген сөздерден кейін "қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық ұйымдастырғаны не оларға басшылық еткені үшін (63-2-бап, бірінші бөлігі), милиция, ішкі істер органдары қызметкерінің, халық жасақшысының, жауап алушы адамның, тергеушінің, прокурордың, судьяның немесе халық заседательдерінің өміріне қастандық жасағаны үшін (173-1-бап)" сөздерімен толықтырылсын.

төртінші бөліктің жетінші абзацы "ерекше қауіпті рецидивистер" деген сөздерден кейін "немесе қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық ұйымдастырғаны не оларға басшылық еткені үшін (63-2-бап, екінші бөлігі) сотталған" сөздерімен толықтырылсын;

сегізінші бөлік "қылмыс жасағаны (50-59-баптар)" деген сөздерден кейін "қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық ұйымдастырғаны немесе оларға басшылық еткені үшін (63-2-бап), милиция, ішкі істер органдары қызметкерінің, халық жасақшысының, жауап алушы адамның, тергеушінің, прокурордың, судьяның немесе халық заседательдерінің өміріне қастандық әрекет үшін сотталған (173-1-бап)" сөздерімен толықтырылсын.

5. 23-1-бапта бірінші бөліктің 1 және 2 тармақтары "бандитизм (63-бап)" сөзінен кейін "қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық ұйымдастырғаны не оларға басшылық еткені, қылмыстық қауымдастыққа қатысқаны үшін (63-2-бап)" сөздерімен толықтырылсын.

6. 37-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықтың ұйымдастырушыларына, басшыларына не оған қатысушыға жаза тағайындағанда неғұрлым қатаң жаза қолдануды қарастыратын заң баптарында белгіленген шекте тағайындалған жазаларды толық қосу тәртібі қолданылады".

7. Кодекс мынадай редакциядағы 45-4-баппен толықтырылсын:

"45-4-бап. Қылмыстың тергелуіне өз еркімен көмектесуіне

байланысты қылмысты жауаптылықтан босату

немесе жазаны жеңілдету

Қылмыс істеген адам егер ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық істеген қылмыстарды болдырмауға, ашуға және тергеуге белсенді түрде көмек көрсетсе, әрі істеген қылмысы ауыр болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Ауыр қылмыс жасаған адамға, егер ол ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық істеген қылмыстарды болдырмауға, ашуға немесе тергеуге белсенді түрде көмек көрсетсе, жазасы жеңілдетілуі мүмкін".

8. 46-1-баптың үшінші тармағы "еңбекпен түзеу мекемелерінің жұмысына іріткі салатын әрекеттері (63-1-бап)" деген сөздерден кейін "қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық ұйымдастырғаны не оларға басшылық еткені, қылмыстық қауымдастыққа қатысқаны (63-2-бап)" сөздерімен толықтырылсын.

9. Кодекс мынадай редакциядағы 63-2 және 63-3-баптармен толықтырылсын:

"63-2-бап. Қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық

ұйымдастыру немесе оларға басшылық ету,

қылмыстық қауымдастыққа қатысу

Ұйымдасқан қылмыстық топ құру, оған басшылық ету, сондай-ақ оған қатысу,-

мүлкі тәргіленіп, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық қауымдастықты ұйымдастыру немесе оған басшылық ету, сондай-ақ оған қатысу, -

мүлкі тәргіленіп, үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

63-3-бап. Заңсыз қоғамдық бірлестіктерді және

әскерилендірілген құрамаларды құру

немесе олардың қызметіне қатысу

Нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік, діни төзімсіздікті, сословиелік астамшылықты уағыздайтын немесе іс жүзіне асыратын, конституциялық құрылысты күш қолданып құлатуға шақыратын немесе Республиканың аумақтық тұтастығына қол сұғатын қоғамдық бірлестіктер құру, сондай-ақ мұндай бірлестіктердің қызметіне қатысу, -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Республиканың заңдарымен көзделмеген әскерилендірілген құрамалар, құпия қоғамдар мен бірлестіктер құру, сондай-ақ олардың қызметіне қатысу, - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

10. 64, 73, 74-баптар мынадай редакцияда баяндалсын:

"64-бап. Контрабанда

Контрабанда, яғни тауарларды не басқа бір бағалы заттарды кедендік бақылауға соқпай немесе одан жасырып Қазақстан Республикасының мемлекеттік немесе кеден шекарасы арқылы, немесе алдау арқылы кеден құжаттары мен басқа да құжаттарды пайдалану жолымен ірі мөлшерде заңсыз өткізу, -

мүлкі тәргіленіп, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Контрабанданы:

а) контрабанда үшін бұрын сотталған адам;

ә) адамдардың ұйымдасқан тобы;

б) өзінің қызмет бабын пайдаланып лауазымды адам жасаса;

в) контрабанда аса ірі мөлшерде жасалса, -

мүлкі тәргіленіп, үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Есірткі заттардың, уыты күшті, улы, улағыш, радиоактивті немесе жарылғыш заттардың, атыс қаруының, оқ-дәрілер не болмаса әскери жарақтың контрабандасы, -

мүлкі тәргіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Үшінші бөлікте көзделген іс-әрекеттер осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген ауырлататын жағдайларда жасалса, -

мүлкі тәргіленіп, жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

73-бап. Жасанды ақшаны немесе бағалы қағаздарды қолдан жасау немесе өткізу

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің жасанды банкноттарын, міндеттерді, мемлекеттік және өзге де бағалы қағаздарды, шет ел валютасын өткізу мақсатында жасау, сатып алу, сондай-ақ өткізу, -

мүлкі тәргіленіп, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Кәсіпшілік түрінде адамдар тобы, сондай-ақ осы бапта көзделген қылмыстар үшін бұрын сотталған адам жасаған нақ сондай әрекеттер, -

мүлкі тәргіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

74-бап. Валюталық құндылықтармен жасалған заңсыз операциялар

Қазақстан Республикасының валюталық реттеу туралы заңдарымен тыйым салынған валюталық құндылықтармен операциялар жасаған адам:

мүлкі және валюталық құндылықтары тәргіленіп, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Адамдар тобы, сондай-ақ осы бапта көзделген қылмысы үшін бұрын сотталған адам жасаған нақ сондай әрекеттер, -

мүлкі мен валюталық құндылықтары тәргіленіп, бес жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

11. 81-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Салықтар және басқа да міндетті төлемдерді төлеуден қасақана жалтару арқылы мемлекетке едәуір залал келтіру, -

мүлкі тәргіленіп бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

Жалақының ең төменгі бір мың мөлшерінен асатын залал едәуір деп танылады".

12. 96-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын.

13. Кодекс мынадай редакциядағы 165-5 баппен толықтырылсын:

"165-5-бап. Қылмыстық жолмен алынған немесе тапқан ақшалай

қаражатты және өзге де мүлікті кәсіпкерлік

немесе заңмен тыйым салынбаған басқа қызметпен

айналысуға пайдалану

Қылмыстық жолмен әдейі алынған немесе тапқан ақшалай қаражатты, сондай-ақ басқа да мүлікті кәсіпкерлік немесе заңмен тыйым салынбаған өзге қызметпен айналысуға пайдалану, -

мүлкі тәргіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

14. 171-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"171-1-бап. Ішкі істер органдары қызметкеріне, әскери

қызметшіге немесе халық жасақшысына қарсылық

көрсету

Қоғамдық тәртіпті қорғау жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді атқару кезінде ішкі істер органы қызметіне, әскери қызметшіге немесе халық жасақшысына қарсылық көрсету, -

үш жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Нақ сол әрекеттерді күш жұмсау арқылы немесе күш жұмсаймын деп қорқыту арқылы істеу, сондай-ақ бұл адамдарды күш жұмсау арқылы немесе күш жұмсаймын деп қорқыту арқылы көрінеу заңсыз әрекеттерді орындауға зорлау, -

үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

15. 173-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"173-1-бап. Ішкі істер органдары қызметкерінің, халық жасақшысының, анықтама жүргізуші адамның, тергеушінің, прокурордың, судьяның немесе халық заседательдерінің өміріне қастық әрекет

Өздерінің қызмет бабындағы немесе қоғамдық ісіне байланысты ішкі істер органдары қызметкерінің, халық жасақшысының, анықтама жүргізуші адамның, тергеушінің, прокурордың, судьяның немесе халық заседательдерінің өміріне қастық әрекет жасау, -

сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады, ал жауаптылықты ауырлататын жағдайда өлім жазасына кесіледі.

16. 176-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Лауазымды адамдар істеген нақты сондай әрекеттер, -

екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

17. 177-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ірі мөлшерде мүліктік пайда алуға бағытталған нақ сондай әрекеттер, -

екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

18. 187-бапта:

бірінші бөліктегі "бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына" деген сөздер "үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "бес жылға дейінгі" деген сөздер "үш жылдан жеті жылға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын".

19. 187-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"187-1-бап. Куәні, жәбірленушіні, сарапшыны немесе

аудармашыны сатып алу немесе өтірік

жауап беруге зорлау

Куәні, жәбірленушіні, сарапшыны немесе аудармашыны сотта яки жауап алу, алдын ала тергеу кезінде олардың өтірік жауап беруі немесе өтірік қорытынды беруі, бұрыс аударма жасауы немесе жәбірленуші немесе куәні жауап беруден бас тартуы мақсатында параға сатып алу, -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Өздерін немесе олардың туыстарын, жақын адамдарын өлтіремін, күш жұмсаймын, ұрлаймын немесе осы адамдардың мүлкін құртамын деп қатер төндіру жолымен сол адамдарды өтірік жауап беруге, өтірік қорытынды беруге, бұрыс аударма жасауға не болмаса жауап беруден бас тартуға зорлау, -

үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сол адамдардың өмірі мен денсаулығына хауіп төндіретін немесе ірі зиян шегуге не болмаса өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған күш жұмсау арқылы оларды өтірік жауап беруге, өтірік қорытынды беруге, бұрыс аударма жасауға немесе жауап беруден бас тартуға зорлау, -

төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

20. 191-1, 191-2, 191-3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"191-1-бап. Істі тергеуге немесе қарауға заңсыз араласу

Істің жан-жақты, толық және объективті тергелуіне немесе қаралуына кедергі жасау немесе заңсыз шешім шығарылуына қол жеткізу мақсатымен жауап алушы адамға, тергеушіге, прокурорға, судьяға немесе халық заседательдеріне қандай да болсын нысанда ықпал жасау, -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қызмет жағдайын пайдаланып лауазымды адам жасаған нақ сол әрекеттер, - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

191-2-бап. Анықтама жүргізуші адамды, тергеушіні, прокурорды, судьяны немесе халық заседательдерін қорқыту

Өздерінің қызмет бабындағы міндеттерін немесе қоғамдық борышын жүзеге асыруға байланысты анықтама жүргізуші адамға, тергеушіге, прокурорға, судьяға немесе халық заседательдеріне, сондай-ақ олардың туысқандарына немесе жақындарына өлтіремін, дене жарақатын түсіремін, ұрлаймын немесе мүлкінді құртамын деп қатер төндіру, -

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

191-3-бап. Анықтама жүргізуші адамға, тергеушіге, прокурорға, судьяға немесе халық заседательдеріне тіл тигізу

Өздерінің қызмет бабындағы міндеттерін немесе қоғамдық борышын жүзеге асыруға байланысты анықтама жүргізуші адамға, тергеушіге, прокурорға, судьяға немесе халық заседательдеріне қандай да болсын нысанда тіл тигізу, -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

21. 192-баптағы "үш жүз сомнан бір мың сомға дейін штрафқа" деген сөздер "бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. 193-бапта:

бірінші бөліктегі "алты айға дейінгі мерзімге еңбекпен түзеу жұмыстарына немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штрафқа" деген сөздер "үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын.

екінші бөліктегі "жүз сомға дейінгі штрафқа" деген сөздер "бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. 1994-баптағы "бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына немесе жүз сомға дейінгі штрафқа" деген сөздер "үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын.

24. 194-бап мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қызмет бабына байланысты өзіне мәлім болған анықтама дерегін, алдын ала тергеу мен сот тергеуінің деректерін жария еткен адам, -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына немесе қызметінен босатуға жазаланады.

Ауыр зардаптарға әкеп соқтырған нақ сондай әрекеттер, -

жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

25. 200-баптың екінші бөлігі "бұзақылық үшін бұрын сотталған адам" деген сөздерден кейін "немесе адамдар тобы" деген сөздермен толықтырылсын.

26. 203-баптың бірінші бөлігі "оқ-дәріні" деген сөздерден кейін "әскери жарақты" деген сөздермен толықтырылсын. Екінші бөлік "оқ дәріні" деген сөздерден кейін "әскери жарақты" деген сөздермен толықтырылсын. Үшінші бөліктегі "оқ-дәріні" деген сөздерден кейін "әскери жарақты" деген сөздермен толықтырылсын, "ерекше қауіпті рецидивистің" деген сөздерден кейін "немесе қызмет жағдайын пайдаланып" деген сөздермен толықтырылсын.

27. 214-бапта:

үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы бөліктер тиісінше төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктер деп саналсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Өткізуді мақсат тұтпай есірткі заттарды ірі мөлшерде заңсыз жасау, сатып алу, сақтау, тасымалдау немесе жіберу,-

мүлкі тәргіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

28. 215-1-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Құмарлық ойындары притондарын, сондай-ақ жезөкшелікпен айналысуға арналған притондарды ұйымдастыру немесе ұстау, немесе бас пайдасын көздеп жеңгетайлық жасау, сондай-ақ жезөкшелікпен айналысуға мәжбүр ету,-

мүлкін тәргілеп, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады";

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Адамдар тобы істеген осы баптың бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген әрекеттер,-

мүлкін тәргілеп, бес жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

III. 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ ССР Заңымен бекітілген Қазақ ССР-інің қылмыстық іс жүргізу кодексінде:

1. 6-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын.

2. Кодекс мынадай мазмұндағы 14-3-баппен толықтырылсын:

"14-3-бап. Қылмыстың тергелуіне өз еркімен көмек

көрсетуіне байланысты қылмысты істі қысқарту

немесе жазаны жеңілдету

Сот, прокурор, сондай-ақ тергеуші немесе анықтама органы прокурордың келісімімен, қылмыс жасаған адамды, егер ол ауыр қылмыс жасамаса, әрі ол өз еркімен ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық жасаған қылмыстардың алдын алуға, ашылуына және тергелуіне белсене жәрдемдесті деп танылса қылмыстық істі қысқартып, қылмыстық жауаптылықтан босатуға құқылы.

Қылмыстық іс қысқартылғанға дейін қылмыс жасаған адамға мұндай босатудың мәні және осы негізде қылмыстық істің қысқартылуына қарсылық білдіру құқығы түсіндірілуге тиіс.

Егер қылмыс жасаған адам бұған қарсы болса, қылмыстық істі қысқартуға жол берілмейді. Мұндай жағдайда істі жүргізу кәдімгі тәртіп бойынша одан әрі жалғастырылады.

Егер ауыр қылмыс жасаған адам ұйымдасқан топ немесе қылмыстың қауымдастық жасаған қылмыстардың алдын алуға, ашылуына және тергелуіне белсене жәрдемдессе, сот айыптау үкімін шығарған кезде оған қылмыстық жазаны жеңілдетуге құқылы".

3. 22-баптың бірінші бөлігінде "қамауға санкция беру туралы прокурор шешімінің заңдылығына сотқа шағымдануға" сөздері алынып тасталсын.

4. 26-баптың екінші бөлігінде "өзінің қорғауындағы адамды қамауға санкция беру туралы прокурор шешімінің заңдылығына сотқа шағымдануға, шағымды сотта қараған кезде қатысуға, оны негізділігіне дәлелдемелер тапсыруға" сөздері алынып тасталсын.

5. 33-баптың бірінші бөлігі алынып тасталсын.

6. 47-баптың екінші бөлігі "кинофотоматериалдармен, бейнедыбыс жазбамен" сөздерінен кейін "оперативтік іздестіру шараларын жүргізу барысында алынған материалдармен" деген сөздермен толықтырылсын.

7. Кодекс мынадай мазмұндағы 61-3-баппен толықтырылсын:

"61-3-бап. Оперативтік іздестіру шаралары барысында алынған дәлелдемелер

Оперативтік іздестіру шараларын жүргізу барысында алынған кез келген фактілік мәліметтер осы Кодекстің талаптарына сәйкес тексеруден кейін қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде танылуы мүмкін".

8. 65-бапта:

Бірінші бөлігі "жасалған" сөзінен кейін "ауыр" сөзімен толықтырылсын және "он" сөзі "отыз" сөзімен алмастырылсын.

Екінші бөлігінде "қамауға санкция беру туралы прокурор шешімінің заңдылығына сотқа шағымдануға" сөздері алынып тасталсын.

9. 70-баптың бесінші бөлігі алынып тасталсын.

10. 77-1 және 77-2-баптары алынып тасталсын.

11. 85-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдау оқиғаның болған орнына тексеру сараптама жүргізбейінше мүмкін болмаса, онда бұларды қылмыстық іс қозғағанға дейін жүргізуге болады".

12. 109-баптың: "бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4) прокурордың санкциясымен алынған оперативтік тексеріс материалдарында осы адамға қатысты ол жасаған немесе дайындап жатқан қылмыс туралы мәліметтер болса"

13. 120-бапта:

екінші бөлікте "63" саны алынып тасталсын;

бесінші бөлігі "кодексінің" сөзінен кейін "63, 63-2, 63-3" сандарымен толықтырылсын; "165-4" сандарынан кейін "165-5" сандарымен толықтырылсын.

14. 243-баптың екінші бөлігі "45-3" сандарынан және "әкімшілік жауаптылыққа" сөздерінен кейін тиісінше "45-4-баптың I бөлігінде", "сондай-ақ қылмыс жасаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылсын" сандарымен және сөздерімен толықтырылсын.

IV. 1992 жылғы 23 маусымдағы "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында:

10-баптың 11-тармағы "сондай-ақ денсаулық сақтау органдарына құныкпа алкогольизм, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан, ақыл-есі бұзылуынан зардап шегіп жүрген және басқа азаматтардың құқығын немесе қоғамдық тәртіпті бұзатын адамдарды еріксіз емдеу үшін ұсыныстар мен материалдар жіберу" сөздерімен толықтырылсын.

14-бапта:

Бірінші бөліктің:

Екінші абзацында "олардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндіретін шабуылдан" сөздері "қылмыстық қастандықтан" сөздерімен алмастырылсын;

үшінші абзацында "топтасып немесе қарулы", "сондай-ақ олардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндірілетін өзге де шабуылды" сөздері алынып тасталсын;

төртінші абзацында "топтасып", "қарулы" сөздері алынып тасталсын;

бесінші абзацында "қарулы" және "ауыр" сөздері алынып тасталсын;

алтыншы абзацында "бірнеше рет" сөздері алынып тасталсын;

сегізінші абзацында "қару қолданатынын ескерту" сөздері алынып тасталсын.

Екінші бөлікте "шабуыл жасаған реттерден басқасында" сөздерінен кейін "сондай-ақ қару қолдану басқа азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі мүмкін жағдайларда" сөздерімен толықтырылсын.

V. 1992 жылғы 20 маусымдағы "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына:

16-бапта:

Екінші бөліктің:

бірінші тармағында "азаматтардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндіретін шабуылдан" сөздері "азаматтарды қылмыстық қастандық жасаудан" сөздерімен алмастырылсын;

екінші тармағында "адамдардың" сөзі "адамдарға" сөзімен алмастырылып, "өмірі немесе денсаулығы қауіпке тап болған кезде күзетудегі адамға" сөздері алынып тасталсын,

үшінші тармағында "қызметшісінің", "мүшелерінің" сөздері "қызметшісіне", "мүшелеріне" сөздерімен алмастырылып, "өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін" сөздері алынып тасталсын;

төртінші тармағында: "немесе қарулы" сөздері алынып тасталсын;

бесінші тармағында "қарулы қарсылық көрсеткен не ауыр" сөздері алынып тасталсын.

Үшінші бөлігі алынып тасталсын.

Төртінші бөлігінде "немесе өмірге қатер төндіретін" сөздері алынып тасталсын.

Алтыншы бөлігінде "және арнаулы құралдарды пайдаланудың" сөздері алынып тасталсын.

VI. 1992 жылғы 23 маусымдағы "Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына:

26-бапта:

Бірінші бөліктің:

бірінші тармағында "егер олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төніп, оларды басқа әдістермен және құралдармен қорғау мүмкін болмаса, сондай-ақ олардың қаруын тартып алуы үшін жасалған әрекеттерді тыю үшін" сөздері алынып тасталсын;

екінші тармағында "топтасып немесе қаруланып жасалған" сөздері алынып тасталсын;

үшінші тармағы алынып тасталсын;

бесінші тармағында "қарулы", "адамдардың өміріне, денсаулығына және бостандығына қарсы бағытталған", "ауыр" сөздері алынып тасталсын;

алтыншы тармағында "егер басқа әдістермен және құралдармен бұл әрекеттерді тыю мүмкін болмаса" сөздері алынып тасталсын;

жетінші тармағында "қирату, өртеу, жаппай кісі өлтіру және басқа да осы тәрізді әрекеттерге әкеп соқтырған", "егер бұл әрекеттерді өзге шаралармен тыю мүмкін болмаса" сөздері алынып тасталсын;

Екінші бөлігі алынып тасталсын.

Үшінші бөлігінің:

бірінші тармағында "азаматтарды", "қауіпті", "қатерінен" сөздері алынып тасталсын

;

екінші тармағы алынып тасталсын;

Төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, кепілге адамдар алған, әуе кемесін басып алған немесе топтасып шабуыл жасаған кездерден басқа уақытта әйелдерге және кәмелетке толмағандарға қарсы, сондай-ақ қару қолдану басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайда, атыс қаруын қолдануға тыйым салынады".

VII. 1992 жылғы 10 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында халықтың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 3, 47-бап):

1. 58-бапта:

екінші және үшінші бөліктер тиісінше үшінші және төртінші бөліктер болып саналсын;

бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ақыл-есі бұзылуынан зардап шегіп жүрген және басқа азаматтардың құқығын немесе қоғамдық тәртіпті бұзатын адамдарға денсаулық сақтау органдарының емдеу мекемелерінде еріксіз емдеу қолданылуы мүмкін. Еріксіз емдеуді науқас емделіп жатқан емдеу мекемесі тоқтатады".

2. 60-бапта:

үшінші бөлік төртінші бөлік болып саналсын;

бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Құнықпа алкоголизм, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан және басқа азаматтардың құқығын немесе қоғамдық тәртіпті бұзатын адамдарға денсаулық сақтау органдарының мамандандырылған емдеу мекемелерінде еріксіз емдеу қолданылуы мүмкін. Еріксіз емдеуді науқас емделіп жатқан емдеу мекемесі тоқтатады".

VIII. "Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы" 1991 жылғы 28 маусымдағы Қазақ ССР Заңында:

1. 5-бапта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: "Бұқаралық хабарлама құралдарын мемлекеттік немесе заңмен арнайы қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария ету, қазіргі конституциялық құрылысты күш қолданып құлатуға немесе өзгертуге, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзуға шақыру, соғысты, зорлық-зомбылық пен қатыгездікті насихаттау, ұлттық, нәсілдік, әлеуметтік, діни алауыздықты қоздыру, ұлттық немесе сословиелік астамашылық пен төзімсіздікті насихаттау, порнографияны тарату үшін, қылмыстық жолмен жазаланатын өзге де іс-әрекеттер жасау мақсатында пайдалануға жол берілмейді".

екінші бөлігі үшінші бөлік деп саналсын.

бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Баспа немесе дыбысты-көріністі басылымдарды порнографиялық басылымдарға жатқызуды арнайы комиссия жүзеге асырады":

2. 13-баптың бірінші бөлігі "26" санынан кейін "және 26-1" сөздерімен толықтырылсын.

3. Заң мынадай мазмұндағы 14-1 және 26-1-баптармен толықтырылсын:

"14-1 бап. Бұқаралық хабарлама құралын тіркеу туралы шешімді жою

Бұқаралық хабарлама құралын тіркеу туралы шешімді бұқаралық хабарлама құралын тіркеген орган мынадай жағдайларда:

а) бұқаралық хабарлама құралын тіркеу туралы шешім қолданылып жүрген заңдар бұзылып енгізілген кезде;

ә) осы Заңның 5-бабының бірінші бөлігінің, 18, 19 және 26, 26-1-баптарының талаптары бұзылса;

б) бұқаралық хабарлама құралын тіркеу туралы мәлімдемеде баяндалған бағдарламалық мақсаттар мен міндеттер сан рет бұзылса жою мүмкін.

Тіркеуші органның бұқаралық хабарлама құралын тіркеуді жою туралы шешімімен келіспеген жағдайда бұқаралық хабарлама құралының құрылтайшылары немесе редакциясы сотқа шағымдануға құқылы.

Тіркеуші органның бұқаралық хабарлама құралын тіркеуді жою туралы шешіміне сотқа шағымданған ретте шешім кідіріледі:

26-1-бап. Бұқаралық хабарлама құралдарындағы жарнама

Жарнама редакциялық материалдың басқа элементтерінен жарнама ретінде айқын ерекшеленіп тұруға тиіс. Онда қоғамға тіл тигізетін және жарнамаланатын өнім мен көрсетілетін қызметтің сапасы жөнінде адастыратын мәлімдемелер немесе көрнекі бейнелер болмауға тиіс.

Тікелей балалар мен жастарға арналған жарнама мәтінінде немесе бейнеде олардың сеніміне қиянат жасайтындай немесе заңға қарсы іс-әрекеттерге арандататындай ешнәрсе болмауға тиіс.

Мемлекеттік наградаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі санкция бермеген дәрі-дәрмектерді сатуды немесе емдеу тәсілдерін жарнамалауға тыйым салынады.

Құдайға құлшылық ету рәсімін бергенде жарнама жасауға жол берілмейді.

Бәсекелестердің беделін түсіретін жарнамаларға тыйым салынады.

Автордың жазбаша рұқсатынсыз автордың материалын жарнамамен үзіп отыруға тыйым салынады.

Астарлы жарнамаға тыйым салынады.

Жергілікті уақыт бойынша сағат 23-ке дейін көрсетілетін теледидар мен радио бағдарламаларында, өзге де дыбысты-көріністі жазбалар мен хабарларда алкоголь мен темекі өнімдерін жарнамалауға тыйым салынады.

Алкоголь мен темекі өнімдерін жарнамалау оларды тұтынудың зиянын айқын көрсетіп беретін мәтінмен қатар жүргізілуге тиіс.

Жарнамаға мамандандырылмаған бұқаралық хабарлама құралының редакциялық материалында жарнаманың жиынтық көлемі біржолғы шығарылымның жалпы көлемінің 20 процентінен аспауға тиіс.

Жарнаманың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі.

Жарнамалық материалдардың берілуі үшін жауапкершілік бұқаралық хабарлама құралының редакциясына жүктеледі".

IX. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК